



### Асылбеков асыра сілтеді

Прокуратура мегаполистің бас дәрігеріне айыппұл салды  
3-бетте



### Нетаньяху Иранға шабуылдың үш себебін атады

5-бетте

### Қазыбек Иса неге екі сөйлейді?

5-бетте



### Мәдениет пен тарихтың тоғысқан жері

6-бетте

### Тойды 9 мыңға жуық адам тамашалады

12-бетте



# Сыздықбековке тағы да «сатқындық» жасалды

## Жыл сайын басшысы ауысатын мекемедегі былықты 11 жыл бойы ешкім байқамаған

Бытыр ақпанда Шымкенттің әкімі Фабит Сыздықбеков өткізген жиналыста қалалық тұрғын үй басқармасы басшысының міндетін атқарушы Азат Момыновтың сыбайлас қылмыс жасады деген күдікпен ұсталғаны естеріңізде шығар. Жиналыста Сыздықбековтің қарамағындағы қызметкерлеріне айтқан уәжге жүрмейтін, арқаға пышақ тығатын сатқындар туралы әңгіме айтып, қатаң ескерту жасағаны да ұмытылған жоқ. Сол жиында «Тұрғын үй Шымкент» мекемесінің басшысы Серік Күшербеков болды ма, болмады ма? Ол жағы бізге белгісіз. Егер болса...  
3-бетте



Коллаж. «Рейтингтің» мұрағатынан

Рейтинг

Қүй сен, қүй сенбе!

# Қазақстанда 6,3 млн көлік бар



Ұлттық статистика бюросы таратқан мәлімет бойынша биылдың мамырында 128,1 мың бірлік автокөлік құралы есепке қойылған. Оның ішінде жеңіл автомобильдер – 113 мың бірлік, жүк автомобильдері – 8 мың, автобустар – 1,4 мың және мототранспорт – 5,7 мың бірлік.

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстанда тіркелген автокөлік құралдарының саны 6302,5 мың бірлікті құрады, оның ішінде

86,5% – жеңіл автомобильдер, 9,7% – жүк көліктері, автобустар мен мотокөліктер – 1,9%. Пайдаланылатын отын түрі бойынша автокөліктердің 82%-ы бензинмен жүреді, 7,1% аралас отын есебінен қозғалады, 7,1% – дизель отынымен, 0,3% – газ баллонымен, тағы 0,3%-ы электр қуатымен (немесе 17 164 бірлік көлік) жүреді. Бытырғы мамыр айымен салыстырғанда бензинмен жүретін автокөліктер саны – 15,3%, дизель отынымен жүретіндер – 13,9%, газбен жүретіндер – 36,2%, аралас отынмен жүретіндер 9,3% өскен. Бұл ретте электромобильдер саны бір жылда 66,9% артқан.

